



Кемел ТОҚАЕВ

ДЕТЕКТИВ  
ДАРАБОЗЫ

ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84(5) Қаз  
К 35

К 35 Кемел Тоқаев Детектив дарабозы. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 478 б. +16 бет жапсырма.  
**ISBN 978-601-04-6460-5**

Бұл басылым қазақ журналистикасын кәсіби деңгейге көтеруге маңызы зор үлес қосқан сара сөздің сардары, белгілі журналист, талантты жазушы, қазақ детективінің негізін қалаған қаламгер Кемел Тоқаевтың ұлт руханияты үшін атқарған еңбегі мен ғибратты ғұмырынан сыр шертеді. Кітаптың бірінші тарауында сырлы қаламынан көркем дүниелер туындаған көсемсөзгердің мақалалары мен көркем-публицистикалық туындылары беріліп, екінші тарауда кемел тұлғаға қатысты ұлт қайраткерлері, танымал сөз сүлейлері, айтулы ғалымдар мен публицистердің және замандастарының естеліктері жинақталған. Үшінші тарауда кейінгі толқын әріптес-ізбасарларының ыстық лебіздері, сондай-ақ фотосуреттер қамтылды.

Кітап көпшілік оқырманға арналады.

**ӘОЖ 821.512.122**  
**КБЖ 84(5) Қаз**

ISBN 978-601-04-6460-5

© Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2023





**РИММА ЖАҚСЫЛЫҚБАЕВА,**  
баспасөз және электронды БАҚ  
кафедрасының қауымдастырылған профессоры,  
филология ғылымдарының кандидаты

## ПАРАСАТЫ БИІК ҚАЛАМҒЕР

Қазақ детективінің дарабозы, әдебиетте өз қолтаңбасы бар қарымды жазушы, ақтаңгер журналист, білікті редактор Кемел Тоқаевтың туғанына биыл 100 жыл толып отыр.

Кемел Тоқаевтың балалық шағы Түркістан қаласындағы қорғансыз жетім қалғандарға пана болған балалар үйінде өтті. Өзөмірбаянын Кемел Тоқаев «Солдат соғысқа кетті» романында Мұхамед пен Мейірманов деген кейіпкерлер арасындағы әңгіме желісі арқылы ағасы Қасым екеуінің жетімханадағы жағдайын былайша баяндап береді: «Жетімханада о кезде төсек-орын, көрпе, жастық деген болмайтын. Еденге ақ киіз төселген. Соның үстіне көйлекшең жата кетеміз. Әркімнің меншікті орны бар. Менің «төсегім» терезе жақта. Әйнектен күннің шуағы түскенде қуанып кетем. Ақ сәуле арық денені шымырлатып, қыздырып бойға қуат бергендей болады...» [1].

1930 жылдың басында Бішкек қаласының маңында әкесі, шешесі, қарындасы қайғылы жағдайда қайтыс болады. Романда балалар үйінде ағасы Қасым мен одан бір-екі жас үлкендеу Жанар дейтін қыздың арасындағы әңгіме желісі арқылы ата-анасынан қалай айырылғандығын былайша баяндайды: «Шешем ісмер кісі еді. Киімді тігісін білдірмей, мінсіз сәндеп тігетін. Сол қайғылы күні әкем мен Әкім орыс екеуі базарға баруға жиналып жатады. Шешемнің өңі бұзылып кеткен: – Осы бүгін сен базарыңа бармай-ақ қойсаң қайтеді? «Неге?» деген әкемнің сұрағына «Мен бүгін жаман түс көрдім. Мына ақ тамның ішін қызыл жалын өрт шалыпты. Жағада екі боздағым бізге жете алмай зарлап тұр. Сен қасымда болшы. Түсімнен қатты шошимын», – депті. Абыржып, күйзеліп тұрған шешеме: «Анау молдекең шапан дайын болса, әкеп бере ғой, ертең жұма намазына киіп шығайын»